



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Халықаралық тұтынушылар одақтарының ұйымы (ХТОҰ) бұған тағы төртеуін қосты:

- негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру құқығы;
- зиянның орнын толтыру құқығы;
- тұтынушылық білімге құқық;
- қоршаған ортаның қорғалуына құқық

Қазіргі уақытта констыюмеристік қозғалыс әлемнің барлық елдерін қамтып отыр.

Қазақстанда «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заң 1991 жылдың 5 мамырында қабылданды. Дегенмен, кеңестік кезеңде қабылданған бұл заң нарықтық экономика тұсында тұтынушы құқығын қорғауға байланысты міндеттерді орындауға икемсіздігін көрсетті. Сондықтан тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жаңа заңның қажеттілігі туындап, ол 2010 жылы 4 мамырда қабылданды.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР Конституциясы. 1995 жыл. (соңғы өзгертулері мен толықтырулары ескерілген)
2. ҚР Азаматтық кодексі. 1994 ж. Жалпы бөлім (соңғы өзгертулері мен толықтырулары ескерілген)
3. ҚР Азаматтық кодексі. 1999 ж. Ерекше бөлім (соңғы өзгертулері мен толықтырулары ескерілген)
4. ҚР-сының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңы 2010 ж. 4 мамыр
5. "Тұтынушылар құқын қорғау туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 1996 жылғы 25 шілде N 7 нормативтік қаулысы.
6. Жайлин Г.А. Азаматтық құқық. Оқулық. Ерекше бөлім. –Алматы: заң әдебиеті, 2005ж.
7. Киздарбекова А. С, Асетова Г. Б. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 ж.

УДҚ 347.73

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нәбиолла Анаргүл

anargul.nabiolla@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекші –аға оқытушы Марат Нұржан Маратұлы

Қазақстан Республикасы адамның құқығына және бостандығына кепілдік береді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы тегіне, әлеуметтік, лауазымды және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез- келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді де кемсітуге болмайды және заң мен сот алдында бәрі тең деп жариялайды[1].

Осыған сәйкес, құқықтық мемлекеттің және өркениетті қоғамның азаматтарының қалыпты өмір сүруіне заңдылық негіз болады. Ал заңдылық азаматтардың заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті қоғам жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Мұндай жағдай барлық азаматтарға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді жағдай жасау, нарықтық экономикалық қатынастардағы материалдық игіліктерді өндіру саласында теңдікті қамтамасыз ету арқылы қалыптасады. Әрі бұл құқықтық мемлекеттің басты міндеті.

Ал азаматтардың қажеттіліктерінің ауқымды бөлігі тауар алу арқылы, яғни сауда саласында қанағаттандырылады. Біз күнделікті өмірде азық-түлік, киім, тұрмыстық заттар

және өзге де тауарлар сатып ала отырып, бұл қатынастардың құқықтық жағына көңіл аудармаймыз. Өкінішке орай, өз әрекетімізді "тұтынушы" әрекеті ретінде және сатушының әрекетін заң тұрғысынан бағалау қажеттігі, біздің қандай да бір құқығымыз бұзылған кезден бастап қана пайда болады. Бірақ өз құқығымызды біле тұрсақ та, оны осындай тұрақсыз экономикалық жағдайда қорғау қиынға соғады.

Ал жалпы алғанда тұтынушылардың құқықтарын қорғау институты біздің елімізде әлі де болса толығымен зерттелмеген және осы мәселе бүгінгі күннің күрделі мәселерінің қатарына жатады.

Әлі еліміз құқықтық мемлекет құру жолына түскен және жеке тұлғаның құқығын қорғау мемлекет мүддесін қорғаудан жоғары бола бастаған қазіргі жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі өзекті де қызықты деп ойлаймыз.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын нормалар құқықтың әртүрлі салаларын қамтиды. Бұл нормативтік актілер Қазақстан Республикасының Конституциясынан бастау алады. Өйткені Конституцияның өзінде біздің еліміздің ең жоғарғы құндылығы адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары болып табылады деп көрсетілген. Сонымен бірге Конституцияда азаматтардың дем алуға, денсаулығын, тұрғын үйін заңсыз қол сұғушылықтан қорғауға, білім алуға құқығы және өзге де құқықтары бекітілген. Бұл құқықтарға кепілдік беріледі, өйткені тұтынушының өмірінің қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін тауарларға, жұмыстар мен мемлекеттік білім беру және денсаулық сақтау жүйесі, сонымен бірге тауарларды, жұмыс пен қызметтерді бақылау және қадағалау орнатылған. Ал тұтынушылардың құқықтарының елеулі түрде бұзылуынан әкімшілік және қылмыстық құқық нормалары қорғайды. Тұтынушыға қатысты қатынастарды реттеуде азаматтық заң шығармашылығы, атап айтсақ ҚР Азаматтық кодексі нормалары басты рөл атқарады. Азаматтық кодекстің бірінші бөлімінде азаматтардың және ұйымдардың азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздері, азаматтық-құқықтық шарттарды жасаудың негізгі талаптары анықталады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты заң шығармашылығының құрамына әртүрлі дәрежедегі нормативтік актілер енеді. Оларға 2010 жылы 4 мамырда қабылданған "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі жатады. Бұл заң шығармашылығының құрамына өзге де актілер кіреді, оларға Президенттің жарлықтары, Үкіметтің қаулылары жатады. Мұндай актілер барлық уақытта қажет, өйткені құқықтық қатынастар бір жерде тоқтап тұрмай, үнемі дамып және өзгеріп отырады, сондықтан оны үнемі жетілдіріп отыру керек. Заң шығармашылығында тұтынушылық қатынастарды әртүрлі реттейтін нормативтік актілердің екі тобын бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа тұтынушы тікелей қатысушы болып табылатын актілерді жатқызуға болады. Осы топқа тұтынушының тауардың, жұмыс пен қызметтің тиісті сапасына құқығын, олардың өмірге және денсаулыққа қауіпсіздігін орнататын актілер, сатып алу-сату, мердігерлік, тасмалдау және өзге де шарттардағы қатынастарды реттейтін актілер жатады, шарттарды орындамау немесе тиісті дәрежеде орындамау салдарын, тауарды дайындаушының, сатушының жауапкершілігін айқындайтын актілер жатады. Екінші топқа өз қызметі шегінде тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге талаптарды анықтайтын және осы талаптардың сақталуына қадағалау жасайтын мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін актілер жатады. Оларға "Сақтандыру туралы", "Сертификаттау туралы", "Табиғи монополиялар туралы" және өзге де заңдар жатады. Олар тұтынушы үшін маңызды ережелерді орнатады. Енді бұл жерде бір қатынасты бірнеше нормативтік акт бірдей реттесе және олардың арасында қайшылық болса қайсысы қолданылуы тиіс деген заңды сұрақ туады. Бұған төмендегідей жауап қайтаруға болады. 1998 жылы 24-наурызда қабылданған "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабында төмендегі норма көрсетілген: 1. Әртүрлі дәрежедегі нормативтік құқықтық актілердің құқық нормаларында қайшылық туған жағдайда дәрежесі жоғары акт нормасы әрекет етеді. 2. Бір дәрежедегі нормативтік құқықтық актілердің құқық нормаларында қайшылық туған жағдайда соңғы қабылданған акт нормасы әрекет етеді.

Енді осы тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың Қазақстанда қалай қалыптасқанына тоқтала кетсек. Қазақстандағы тұтынушылар қозғалысының даму тарихын қарастырмас бұрын біз оның қалай туындағанын және оның даму тенденциясы қалай екенін білуіміз қажет. Алғаш рет тұтынушылар қозғалысы АҚШ-та туындаған, қазіргі кездегі консюмеризмнің түп-тамыры осы жерден шыққан. Америкалық зерттеушілер тұтынушылардың құқықтарын қорғау қозғалысының үш негізгі даму кезеңдерін көрсетеді. Бірінші кезең ХІХ-ғасырдың соңынан басталады. Туындаған әлеуметтік мәселелерді шеше алатын ұйымдарды құру қажеттігі тап осы кезде пісіп жетілді және 1891-жылы Нью-Йоркте алғашқы Тұтынушылар Лигасы пайда болды, ал 1898-жылы жергілікті бастамашы топтар ұлттық федерация – Тұтынушылардың Ұлттық Лигасына бірікті. Екінші кезең ХХ-ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады. Бұл кезең бүкіл әлемдік экономикалық тоқыраумен байланысты және осы кезде тұтынушылық сұранымды реттеу арқылы экономиканы реттеу мүмкін болды. 60-жылдардан басталған үшінші кезең бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Оның басталуы АҚШ Президенті Джон Кеннедидің АҚШ азаматтарына жолдаған жолдауымен байланысты. Бұл жолдауда тұтынушылар мәселесін шешу міндетін мемлекет тікелей өз қолына алатындығы айтылған. Осы кезде тұтынушылардың арыздары бойынша көптеген аты шулы сот процестері болды және олар жария өтуі себепті қоғам жетістігіне айналды. Сонымен қазіргі кездегі тұтынушылардың құқықтары қысқа уақыт аралығында емес, прогрессивтік қауымның өзінің тұтынушылық құқықтары үшін бір жарым ғасыр күресі нәтижесінде қоғамдық және құқықтық жүйедегі өзінің беделді орнын алды. Қазіргі кезде тұтынушылар қозғалысын бүкіл әлемнен байқауға болады. Біздің елімізде бұл қозғалыс салыстырмалы түрде жас болып табылады, оның дамуы біздің еліміздің 1991-жылы тәуелсіздік алуымен, жоспарлық экономикадан нарықтық экономикаға көшумен байланысты. Бұрын тоталитарлық жүйеде өмір сүрген уақытта тұтынушылардың құқықтарын қорғаумен бір орган ғана жанамалы түрде шұғылданды. Бұл кезең 70 жыл шамасына, яғни Кеңес үкіметінің бүкіл өміріне созылды және ол тұтынушылардың құқықтарын жаппай бұзумен сипатталады. Мәселен, қазіргі таңда «тұтынушылардың құқығы қорғалып жүр?» деген сұрақ маңызды орын алады. Бұқаралық ақпарат құралдарына көз жүгіртсек, осы сұраққа «Адала» тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің заңгері Бақытжан Абзелбекұлы Ошақбаев былай жауап берді: «Тұтынушылардың құқығын қорғау заңында көрсетілгендей, тұтынушылар сапалы, қауіпсіз тауарлар сатып алуға, еркін таңдау жасауға, сатып алатын тауар туралы және сатушы туралы толық ақпарат алуға, тауарды айырбастап алуға (14 күн ішінде) немесе қайтарып беруге, келтірілген зиянды өтеуге өтем талап етуге құқылы. ҚР Тұтынушының құқығын қорғау туралы заңнама Конституцияға негізделеді. Азаматтық кодекспен және Тұтынушының құқығын қорғау заңының актілерінен тұрады. Тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау тиісті мемлекеттік органдарға және сот орындарына өз құзіреттері арқылы жүзеге асырылады. Тұтынушы арыз-шағыммен мемлекеттік органдарға шығуға құқылы. Сондай-ақ, сотқа арыздануға да болады. және тұтынушы қоғамдық бірлестіктерге шағымдана алады.

Қазіргі таңда әрбірімізге маңызды сауалдың бірі- «Тауарлар және қызметтерді алу кезінде тұтынушыға белгіленген чек берілуі міндетті ме? Әлде, чек үлкен дүкендерде ғана беріледі ме?». Дәл осы сұраққа: «Барлық төлемдерге чек берілуі тиіс. Тұтынушының құқығын қорғау заңының 33 бабында "Сатушының иелігінде (дайындаушы, орындаушы) бақылау кассалық машинкасының болуы міндетті" деп көрсетілген. Бұл салық заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады».

Тұтынушылармен байланысты шарт - қосылу шарты жатады. Қосылу шарты дегеніміз ережелерін тараптардың біреуі формулярда немесе өзге де стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт (ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабының 1- тармағы). Бұл норманың "тұтастай қосылу" деген сөзі осы тектес шарттардың негізгі белгісін көрсетеді. Басқаша айтатын болсақ "қосылу шартын басқа азаматтық құқықтық шарттардан ажыратудың ең негізгі

критериіне одан туындайтын міндеттемелердің мәні де тараптардың біреуінің әрекет ету сипаты да (жария шарт) емес, тек шарттың жасалу тәсілі жатады". Яғни қосылу шартын бір тарап дайындайды, ал екінші тарап оған ешқандай өзгеріс енгізе алмайды. Егер ол өзгеріс енгізсе шарт жай шартқа айналады.

Тұтынушылар күнделікті өмірде әртүрлі күрделі механизмдерді пайдаланатындықтан, олардан келетін зиян қаупі де туындайды. Тауарды пайдалану барысында зиян келу мүмкіндігін азайту үшін "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақ ССР Заңында тұтынушылардың қауіпсіз өнімге құқығына зор назар аударылған.

Тұтынушылардың қауіпсіз өнімге құқығы өнімді пайдалану және оны сақтау белгіленген қызмет ету мерзімі, жарамдылық мерзімі ішінде тұтынушының өмірі, денсаулығы, мүлкі мен қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы керек дегенді білдіреді. Егер экономикасы дамыған елдерде, мысалы Европа елдерінде халықтың тауар сатып алу қабілетінің жоғары болуы, сауда ұйымдарының және тауар дайындаушылардың қатаң бәсекесі, сонымен қатар тұтынушылардың білімді де тәжірибелі болуы, оларға қажетті саладағы және қауіпсіз тауарлар алуға мүмкіндік берсе, ал біздің елде тұтынушыларға сапасыз және қауіпсіз тауарлардың түсуінен әзірше техникалық, әкімшілік және құқықтық тәсілдер арқылы қорғауға тура келеді.

Сондықтан біздің заңымызда тұтынушылардың өміріне және денсаулығына келетін қауіптің алдын алуға бағытталған бірнеше шаралар көзделген. Бұл шараларды шартты түрде келесі екі топқа бөлуге болады:

- тұтынушыларға зиян келтіруі мүмкін тауарларды (қызметтерді, жұмыстарды) тауар айналымына енгізбеуге бағытталған шаралар;
- тұтынушылар сатып алған тауарлардан келуі мүмкін зиянның алдын алу бойынша шаралар.

Қорытындылай келе, осы мақалада тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесінің мәнін толық ашуға тырыстық. Бұл институт көптеген нормативтік құқықтық актілермен реттеледі және олардың ішінде "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңы басты рөл атқарады[2]. Бұл заң негізінен екі мақсат көздейді: біріншісі – тұтынушыға нарықтағы тауарлар мен қызметтер туралы ақпарат беру; екіншісі: - тұтынушының құқығы бұзылған жағдайда, оны құқықтық қатынастың әлсіз тарабы ретінде қорғау.

Бұл заңды Қазақстан Республикасының әрбір азаматы білуі тиіс. Өйткені бұл заң "тұтынушының", тек тауарларды сатып алушының не жұмыстарға және қызметтерге тапсырыс берушінің жай атауы ғана емес, бұл оның тауарлар (жұмыстар, қызметтер) нарығындағы басты тұлға екенін анықтап қана қоймай, оған тауар туралы толық та шынайы ақпарат негізінде сапалы тауар таңдауына, ал құқықтары бұзылған жағдайда өз құқығын белсенді түрде қорғауға мүмкіндік береді.

Бірақ өкінішке орай, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бүгінгі күнгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі әлі нақты шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Оған жоғарыда (1-3 тарауларда) атап өткен көптеген себептер негіз болып отыр.

Бұл мақаланы жазу барысында келген қорытынды: тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында көптеген оң қадамдар жасалғандығына қарамастан, бұл мәселенің әлі де болса толық шешімі табылмай отыр. Ия, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтары Конституцияға негізделіп келіп, қорғалатыны бәрімізге аян. Демек, бұл құқығымызды тұтынушы немесе орындаушы, ия болмаса, дайындаушы ретінде қорғауда Қазақстан халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан да, біз, қазақ халқы тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен бірлігіміз бен берекемізді сақтап келген алаш ұрпағымызбыз! Дей келе, Қазақстан Республикасының Президенті, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 жалпыға ортақ стратегиясында: «Мен барша халқымды жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары - ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге

шақырамын» деген болатын [3]. Демек, тұтынушылардың қорғауда алатын заңның рөлі зор. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі күннің міндеті. Ал біздің бұл мәселеге қатысты төмендегідей ұсыныстарымыз бар:

1- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша мемлекеттік дәрежеде де халықаралық дәрежеде де ақпарат жүйесін қалыптастыру керек. Өйткені біздің тұтынушыларымыз құқықтық жағынан әлі де болса сауатсыз.

2- Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қайта жаңғырту қажет. Біздің пікірімізше, бұрын қызмет атқарған тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарын таратып жіберу уақытынан бұрын жасалған шара.

3- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдарын құру және оларға мемлекет тарабынан қолдау көрсету керек. Бұл ұйымдардың қызметінің мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады, сондықтан олар осы салаға қатысты нормативтік актілердің қағаз жүзінде қалмай нақты орындалуына зор ықпалын тигізеді.

4- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту керек. Өйткені бұл Қазақстандағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау қозғалысының жаңа дәрежеге көтерілуіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында жасалатын шаралардың сапасының артуына зор ықпалын тигізеді.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы.-2012ж.
2. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы
3. Н.Ә.Назарбаев//ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.-2014 жыл 14 желтоқсан

УДК 347.73

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ АУДИТОРСКИХ УСЛУГ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Ошакбаев Айдос Максutowич

aidos189@mail.ru

Студент Казахского гуманитарно-юридического инновационный университета
г.Семей, Казахстан

Научный руководитель – Қаражанова Жанат Кокеновна

Аудит в Казахстане развивается по главным положительным тенденциям, как появление и развитие законодательной базы аудиторской деятельности, принятие новых аудиторских стандартов. Вторая положительная тенденция - это устойчивый рост рынка аудиторских услуг. Значительно выросло доверие к советам аудиторов со стороны крупного, среднего и малого бизнеса.

С каждым годом число компаний, которые нуждаются в действительно качественных услугах аудитора, растет и растет значительно, казахстанские аудиторы набирают опыт, нарабатывают так необходимую интуицию, а, соответственно, растет и доля прогрессивных казахстанских аудиторских фирм на рынке.

Несмотря на прошедший мировой экономический кризис в 2008 году, в Республике Казахстан к 2012 году увеличился рынок оказания аудиторских услуг, а также сопутствующими были факторы: восстановление кредитования, общее восстановление экономики, конечно же восстановление финансового сектора и проведения политики «Народного IPO» (Интеграция стран таможенного союза и вступление ВТО).

Впервые о становлении рынка аудиторских услуг в нашей стране заговорили с обретением независимости, когда в Казахстан пришли крупнейшие инвесторы глобальных